



**«Банк ЦентрКредит»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

**(«Банк ЦентрКредит» АҚ)**

**ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒАРЫЛЫМ ЖОБАСЫ**

Бағдарламаның жиынтық көлемі: 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге

Уәкілетті органның облигацияларды шығару жобасын мемлекеттік тіркеуі осы шығару жобасында сипатталған облигацияларды алуға қатысты инвесторларға қандай да бір нұсқау беруді білдірмейді және уәкілетті орган осы құжаттың мазмұны үшін жауап бермейді. Облигациялар эмиссиясының жобасын уәкілетті орган тек Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сай келуі тұрғысынан ғана қарастырды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы жобада көрсетілген ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда көрсетілген барлық мәліметтер шынайы болып табылатынын және орналастырылатын облигациялар мен эмитент туралы жаңсақ пікір туғызбайтынын растайды.

Алматы қаласы, 2008 ж.

## 1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

### 2. Эмитенттің атауы:

Қоғамның атауы	Толық	Қысқаша
Қазақ тілінде	“Банк ЦентрКредит” Акционерлік қоғамы	“Банк ЦентрКредит” АҚ
Орыс тілінде	Акционерное Общество “Банк ЦентрКредит”	АО “Банк ЦентрКредит”
Ағылшын тілінде	Joint Stock Company “Bank CenterCredit”	JSC “Bank CenterCredit”

### Эмитент атауының өзгерісі туралы мәліметтер

“Банк ЦентрКредит” АҚ (бұдан кейін – “Банк”) 1988 жылы 19 қыркүйекте Алматы облысының Кооператорлар одағының “Центр-Банк” Алматы Орталық Кооперативтік Банкі ретінде негізі қаланып, КСРО-да құрылған алғашқы коммерциялық банктердің бірі болды.

1991 жылдың тамыз айында Банк «ЦентрБанк» Қазақ Орталық Акционерлік Банкі болып қайта тіркелді.

“Центрбанк” Қазақ Орталық Акционерлік Банкі 1996 жылдың қараша айында “Банк ЦентрКредит” Ашық акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркелді.

1998 жылдың маусым айында Банк “Банк ЦентрКредит” ААҚ мен “Жилстройбанк” Жабьк акционерлік қоғамының бірігуі арқылы қайта ұйымдастырылды.

2004ж. 25 мамырда 2003ж. 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» жаңа заңның шығуына байланысты «Банк ЦентрКредит» ААҚ жаңа заңға сәйкес барлық өкілеттіктерді қабылдап, «Банк ЦентрКредит» АҚ болып қайта тіркеуден өтті.

### 3. Эмитенттің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1998 жылғы 30 маусымда Банктің мемлекеттік тіркеуін жүргізді және № 3890-1900-АҚ тіркеу нөмірін берді.

“Банк ЦентрКредит” ААҚ “Банк ЦентрКредит” АҚ болып 2004 жылғы 25 мамырда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде қайта тіркелді. Тіркеу нөмірі өзгерген жоқ. Орналасқан жерінің ауысуына байланысты 2007 жылғы 12 наурызда заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелуі туралы куәлігіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

### 4. Салықтөлеушінің тіркеу нөмірі: СТН 600 700 033 173

### 5. Эмитенттің орналасқан орны туралы, байланыс телефондары мен факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары туралы мәліметтер

Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98
Пошталық мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98
Байланыс реквизиттері	Тел: (+7) 7272 598-528, 598-598, факс: (+7) 7272 598-622 e-mail: mail@centercredit.kz ресми web сайты: www.centercredit.kz

### 6. Эмитенттің банктік реквизиттері

Банктік реквизиттері	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялардың есебін жүргізу басқармасындағы коршоты №800161556
----------------------	--

ББК 190201125

## 7. Эмитенттің қызметінің түрлері.

«Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – «Банк») 1988 жылы 19 қыркүйекте Алматы облысының Кооператорлар одағының «Центр-Банк» Алматы Орталық Кооперативтік Банкі ретінде негізі қаланып, КСРО-да құрылған алғашқы коммерциялық банктердің бірі болды.

1991 жылғы 12 тамызда Қазақ КСР Мемлекеттік Банкі тіркеген № 21 жарғысы бар Алматы облысының кооператорлар одағының «Центр-банк» атты Алматы қаласының орталық кооперативтік банкінің заңды мұрагері - 1991 жылы құрылтайшы конференцияның 1991 жылғы 6 наурыздағы шешімі негізінде банк «Центрабанк» Қазақ Орталық акционерлік банкі деп қайта аталды.

1996 жылы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдары туралы» заңына сәйкес Банк ұйымдастырушылық-құқықтық пішінін қайта тіркеді және атауын «Банк ЦентрКредит» Ашық акционерлік қоғамына өзгертті, оның жарғысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде 1996 жылғы 20 қыркүйекте келісілді және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қарашада № 7738-1910-АО тіркелді.

1998 жылы «Банк ЦентрКредит» Ашық акционерлік қоғамы және 1998 жылғы 18 маусымдағы "Жилстройбанк" Жабық акционерлік қоғамы акционерлерінің біріккен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк "Жилстройбанк" ЖАҚ қосылу арқылы қайта құрылып, «Банк ЦентрКредит» Ашық акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркелді. Жарғысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде келісілді және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 30 маусымда № 3890-1900-АО тіркелді.

1998 жылғы 7 мамырда Банк жалғыз құрылтайшы бола тұрып, құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметін іске асыру үшін «KIB Asset Management» ЖШС еншілес компаниясын құрады. Қазіргі кезде Компания («BCC Invest» АҚ) 200-ге тарта клиенттерге, сонымен қатар ірі шетелдік инвесторларға қызмет көрсетеді.

Жаңа клиенттерді тарту қажеттілігіне байланысты және қолданыстағы клиент базасын лизингтік қаржыландыру атты жаңа қызмет түрін ұсыну арқылы толық қанағаттандыру мақсатында: Банк 2002 жылдың қаңтарында жарғылық капиталға 100-пайыздық қатысумен жауапкершілігі шектеулі серіктестік түріндегі «Центр Лизинг» еншілес компаниясын құрады. Лизинг шарттарының портфелінің тәуекелдігін төмендету мақсатында «Центр Лизинг» ЖШС (қолданыстағы заңнамаға сәйкес атауы акционерлік қоғам деп қайта өзгертілген) өзінің құрылған сәтінен бастап осы уақытқа дейін әмбебап лизингтік компания ретінде қызмет етеді, яғни кез келген салада лизингтік жобаларды іске асыруға дайын жабдықтың немесе техниканың белгілі түріне лизингтік қызмет көрсетуге бағытталмаған. Әдеттегідей, өндірістік базасы бар өнеркәсіптерге өндірілетін өнімнің немесе қызметтің сапасын жақсартатын, өндіріс және өткізу көлемін ұлғайтатын жабдықты сатып алу аясындағы жобаларға көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» қабылданған заңын орындау мақсатында Банк 2004 жылы ұйымдастырушылық-құқықтық пішінін қайта тіркеді және атауын «Банк ЦентрКредит» Акционерлік қоғамына өзгертті. Осының нәтижесінде 2004 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен келісілген құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізілді және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 25 мамырда № 3890-1900-АО тіркелді.

Қазіргі кезде «Банк ЦентрКредит» АҚ халықаралық стандартқа өтуді аяқтаған республиканың жетекші жалпы ұлттық банктердің қатарына қосылды.

Стратегиялық жоспарға сәйкес Банк бір уақытта халықаралық қаржы институттарымен өзара қарым-қатынасын кеңейте отырып, қазақстандық нарықта қалыпты даму үстінде. 2005 жылғы ақпан айының ортасында «Банк ЦентрКредит» АҚ капиталдың халықаралық нарығында Citigroup атты әріптесінің көмегі арқылы \$200 млн. сомасындағы үш жылдық еурооблигациясының алғашқы шығарылымының орналастырылуын жүзеге асырды, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ нарығында \$200 млн. сомасындағы еурооблигацияларды табысты орналастыра отырып, үлкен қадам жасады. Бұл мәміле арқылы Банк өзіне және

«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы

инвесторларға капиталдың жаңа нарығына кіруді қамсыздандырды. Мәміленің бас менеджері ретінде Citigroup шықты, қосымша ұйымдастырушы ретінде - Alpha Bank, "Банк Зенит" ААҚ, Moscow Narodny Bank Ltd. және Commerzbank Aktiengesellschaft болды.

2006 жылғы бірінші жартыжылдықта «Банк ЦентрКредит» АҚ айналым мерзімі 5 жылды құрайтын, жылдық 8,00 % тіркелген купоны бар 300 миллион АҚШ доллары сомасындағы еурооблигацияларды орналастыру туралы хабарлады. Ол Банктің кепілі бойынша Банктің CenterCredit International B.V. еншілес компаниясы арқылы 02.02.2006 ж. шығарылды. Ал 2006 жылғы 03 наурызда Банктің еншілес ұйымдарының мерзімсіз қоспалы облигацияларының шығарылу айналымы басталды. Эмиссия көлемі \$100 млн., ал купондық мөлшерлеме жылдық 9,125% құрады.

2006 жылдың қыркүйегінде Банк жылдық 8,25 % құрайтын купондық мөлшерлемесі бар 25 млрд. теңге мөлшерінде 5 жылдық еурооблигацияларды шығарды. Ал 2007 жылғы 30 қаңтарда айналым мерзімі 7 жыл және жылдық 8,625 % құрайтын купондық мөлшерлемесі бар 500 млн. АҚШ доллары сомасындағы еурооблигацияларды шығару айналымға енгізілді.

Нәтижесінде еуробондтарды шығару Банктің қор жасау базасын әртараптандыру ниетіне сәйкес келді және клиенттерге қарызды, сондай-ақ жалпы корпоративтік мақсаттарды, Банктің өтімділігін басқаруды қоса есептегенде қаржыландыру үшін қолданылады.

2005 жылғы 2 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесі Нидерландта «CenterCredit International B.V.» еншілес ұйымын құру туралы шешім қабылданды. Бұл ұйым «Банк ЦентрКредит» АҚ компаниясының топтарын облигация шығару, банктік қарыздар немесе басқа тәсілдер бойынша ақшаны қарызға алу арқылы қаржыландыру мақсатында құрылды. Банкпен еншілес ұйымды құруға рұқсатты 2005 жылғы 29 желтоқсанда ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі берді. Банк Компанияның жарғылық капиталына 2005 жылғы 30 желтоқсанда 2,9 млн. теңге мөлшерінде жарна салды. «Банк ЦентрКредит» АҚ Компанияның жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

2006 жылғы 29 қыркүйекте «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығында жұмыс жасау үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ "BCC Securities" ЖШС еншілес ұйымын құру туралы шешім қабылданды.

Банк және ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау жөніндегі агенттігі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің басқармасы берген құжаттардың негізінде 2006 жылғы 11 желтоқсанда №277 «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы - «Банк ЦентрКредит» АҚ "BCC Securities" ЖШС еншілес ұйымын құруға рұқсат беру туралы» қаулы қабылданып, 20.12.2006 ж. Банктің еншілес ұйымын құруға № 76 рұқсат берілді.

Бүгінгі күні «Банк ЦентрКредит» АҚ "BCC Securities" ЖШС еншілес ұйымы, Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы ҚР Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығының іс-әрекетін реттеу жөніндегі агенттігінің - Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығының қатысушысының 2007 жылғы 05 ақпандағы № 17-1910-РФЦА-ТОО куәлігіне сәйкес Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығының қатысушысы болып табылады.

2006 жылғы шілдеде «Банк ЦентрКредит» АҚ қолданысқа өзінің процессингтік орталығын енгізді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ даму концепциясының аясында Банк басшылығы соңғы бірнеше жыл ішінде іргелес жатқан елдерді ауқымды қаржы өктемдік жүргізу үшін басым бағыт ретінде қарастырып келді. Көршілес елдердің нарығына шығу, банк холдингінің капиталын ұлғайту мақсатында олардың аумағында банктік және қаржы қызметтерін ұсыну ТМД елдерінің негізгі нарықтарында бәсекелес банк топтарын құру және дамыту бойынша Банктің негізгі стратегиялық міндеттері болып белгіленді. ТМД елдерінің ақшалай-несиелік және қаржы жүйелерінің дамуының оң нәтижелері сол аймақта бизнестің дамуына қолайлы жағдай туғызады.

2006 жылғы 11 сәуірде Банктің Директорлар Кеңесі Ресей Федерациясында Мәскеу қаласында еншілес банк құруды ұйғарды. 2006 жылғы 18 тамызда «Банк ЦентрКредит» АҚ «Банк БЦК-Москва» ЖШС еншілес ұйымын құруға ҚР ҚБА рұқсат берілді. 2006 жылғы 18 тамызда Ресей Федерациясының Орталық Банкінің және «Банк ЦентрКредит» АҚ Ресей Федерациясының аумағында еншілес банк құру туралы ниет бойынша хаттамаға қол қойылды.

2006 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар Кеңесі Қырғыз Республикасында, Бішкек қаласында еншілес банк құру жөнінде қаулы қабылдады. Еншілес банктің атау Қырғыз

«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы

Республикасының Ұлттық банкімен және Әділет министрлігімен алдын ала келісілді. 2007 жылғы 02 наурызда Банкпен «Банк ЦентрКредит» АҚ «Банк ЦентрКредит Қырғызстан» ААҚ еншілес ұйымын құруға ҚР ҚБА рұқсат берді.

2007 жылғы желтоқсанда РФ Әділет министрлігі «БЦК-Москва» еншілес банкін тіркеді, ал 2008 жылғы наурыз айында еншілес банк Ресейдің Орталық банкінен банктік операцияларды жүргізуге лицензия алды.

Банк клиенттерге банктік қызметтердің кең ауқымын ұсынады – теңге және шет ел валютасында несиелеу, депозиттерді қабылдау, төлемдерді және аударымдарды жүргізу, валютаны айырбастау, несие карточкалары бойынша қызмет көрсету, қазақстандық инвесторларға кастодиандық қызмет көрсету, басқа қызметтер, филиалдардың желісін және оның депозиттік қорын кеңейту.

Банктің негізгі клиенттері – орта және шағын бизнес, жеке тұлғалар, ірі ұлттық компаниялар, мемлекеттік кәсіпорындар.

Банк Екінші дәрежедегі банкілердің жеке тұлғалардың салымын кепілдендіру (сақтандыру) бойынша қазақстандық қорының бірінші қатысушылардың бірі болып табылады.

Қазақстандағы және әлемдегі экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты Банк менеджменті өз қызметін банктің болашақта даму жолдарын іздестіруге және оның тұрақты қаржы жағдайын қамсыздандыруға бағыттайды.

Банк қызметінің басты мақсаттары:

- Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуға атсалысу;
- таза пайдаға қол жеткізу және оны акционерлердің мүддесінде пайдалану;
- Банк бизнесінің халықаралық стандарттарына сай банк қызметтерін көрсету аясын кеңейту.

Мақсатына жету үшін Банк 13.12.2007 ж. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі банктік және басқа да операцияларды жүргізуге берген № 248 лицензиясына сәйкес төмендегідей негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Ұлттық валютамен және шетелдік валютамен жасалатын банк операцияларын:
  - заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
  - жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
  - банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
  - жеке тұлғалар және заңды ұйымдардың оларға тиесілі тазартылған асыл металдардың нақты саны көрсетілетін металдық шоттарын ашу және жүргізу;
  - кассалық операциялар: банкноталар мен монеталарды қабылдау, беру, қайта санау, айырбастау, майдалау, сұрыптау, орау және сақтау;
  - ақша аудару операциялары: жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың ақша аударуға қатысты тапсырмаларын орындау;
  - есеп жүргізу операциялары: заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың вексельдері мен басқа борыштық міндеттемелерінің есебін жүргізу (дисконттау);
  - қарыз операциялары: ақылы, мерзімді және қайтару шарттарымен ақшалай несие беру;
  - шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
  - банкноталарды, монеталарды және құнды заттарды инкассациялау;
  - төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау;
  - аккредитив ашу (ұсыну) және растау, ол бойынша міндеттемелерді орындау;
  - ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдіктер беру;
  - үшінші тұлғалар үшін ақшалай орындалатын банк кепілдіктері мен өзге де міндеттемелерді беру.



«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы

Ұлттық және шетелдік валютамен басқа да операциялар:

- тазартылған қымбат металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, қымбат металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
  - құрамында асыл металдар мен қымбат тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
  - вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілерге вексельдерді төлеу жөнінен қызмет көрсету, сондай-ақ төлем орны белгіленген вексельдерді төлеу, вексельдерді делдалдық тәртіппен акцептеу;
  - лизинг қызметін жүзеге асыру;
  - жеке меншік құнды қағаздарды (акциялардан басқа) шығару;
  - факторинг операциялары: төлем жасалмай қалу қаупін өзіне қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын иелену;
  - форфейтинг операциялары (форфейтингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға қайтарылмайтын вексель сатып алу арқылы төлеу.
  - сенімдік операциялар: сеніп тапсырушының мүддесінде және оның тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар мен тазартылған асыл металдар жөнінен талап ету құқықтарын, ақшасын басқару;
  - сейф операциялары: клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған құнды қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау, оған қоса сейф жәшіктерін, шкафтар мен бөлмелерді жалға беру жөнінен қызмет көрсету;
2. Құнды қағаздар нарығындағы қызмет:
- атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің есепшоттарын жүргізу құқығымен құнды қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет (№ 0401100821)
  - құнды қағаздар нарығындағы кастодиандық қызмет (№0407100239)

**8. Эмитентке немесе ол шығарған құнды қағаздарға халықаралық және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтер туралы мәліметтер. Егер (2008 жылғы 1 тамыздағы мәліметтер бойынша) Эмитентке қаржы агенттігі дәрежесі берілген болса, уәкілетті орган қаулысының нөмірі мен қабылданған күнін көрсету қажет.**

2008 жылғы 1 тамыздағы мәліметтер бойынша Fitch Ratings және Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттіктері Банкке төмендегі рейтингтерді берген:

<b>Fitch Ratings</b>	
Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі («ЭДР»)	BB-
Қысқа мерзімді ЭДР	B
Дербес рейтингі	D
Қолдау рейтингтері	3
<b>Ұзақ мерзімді рейтингіне болжам</b>	Дамушы

<b>Moody's Investors Service</b>	
Шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді депозиттер	Ba1
Шетелдік валютадағы қысқа мерзімді депозиттер	Ba1/NP
Қаржылық тұрақтылық рейтингі	D-
Кіші реттелген міндеттемелер бойынша рейтингі	Ba3
<b>Болжам</b>	Жағымсыз

*«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы*

**9. 2008 жылғы 1 тамыздағы мәліметтер бойынша эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және пошталық мекенжайлары.**

№ р/н	Филиалдың атауы	Орналасқан жері және пошталық мекенжайы	Басшысының аты-жөні	Тіркелген күні
<b>Филиалдар</b>				
1	Алматы қалалық филиалы	050012, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 156	Нұғманов Мәлік Қайыржанұлы	29.06.1998ж.
2	Алматы облыстық филиалы	040900, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 17	Федоров Александр Николаевич	12.10.2006г.
3	Астана қаласындағы филиалы	010000, Астана қаласы, Бараев көшесі, 9/1	Мырзабеков Шаттықберген Жұмаділдәұлы	23.06.1998ж
4	Көкшетау қаласындағы филиал	020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 142	Сағандықова Қарлығаш Бекежанқызы	29.06.1998ж. 09.08.2006ж. - (қайта тіркелген)
5	Ақтау қаласындағы филиал	130000, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 12-ықшамаудан, 12	Жағпарова Дана Талғатқызы	29.06.1998ж.
6	Ақтөбе қаласындағы филиал	030000, Ақтөбе қаласы, 101-Атқыштар бригадасы көшесі, 2	Қазкеев Нұрстан Тәжібайұлы	29.06.1998ж.
7	Атырау қаласындағы филиал	060002, Атырау обл., Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 2	Суханберді Асылбек Құрманиязұлы	29.06.1998ж.
8	Қарағанды қаласындағы филиал	100000, Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5	Сыздықова Роза Айсайқызы	29.06.1998ж.
9	Жезқазған қаласындағы филиал	100600, Қарағанды обл., Жезқазған қаласы, Бейбітшілік көшесі, 26 "а"	Мусина Рақыш Шахмұратқызы	29.06.1998ж.
10	Қостанай қаласындағы филиал	110000, Қостанай обл., Қостанай қаласы, Таран көшесі, 39	Закарина Нұрсұлу Нұртасқызы	29.06.1998ж. 29.02.2008ж.- (қайта тіркелген)
11	Рудный қаласындағы филиал	111500, Қостанай обл., Рудный қаласы, Горький көшесі, 62	Кононова Татьяна Николаевна	29.06.1998г.
12	Қызылорда қаласындағы филиал	120019, Қызылорда обл., Қызылорда қаласы, Токмағамбетов көшесі, 46	Абдуллаев Төрехан Бекмаханұлы	29.06.1998ж.
13	Павлодар қаласындағы филиал	140000, Павлодар обл., Павлодар қаласы, Ак. Сәтпаев көшесі, 156/1	Жуаспаев Болат Токтасынұлы	29.06.1998ж.
14	Петропавл қаласындағы филиал	150008, Солтүстік Қазақстан обл., Петропавл қаласы, Қазақстан	Құсайынов Жұмабек Мұхаметқиклы	29.06.1998ж.

*«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы*

		Конституциясы көшесі, 28		
15	Өскемен қаласындағы филиал	070004, Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қаласы, Карл Либкнехт көшесі, 17	Меңкенов Мүддәріс Меңкеұлы	29.06.1998ж.
16	Семей қаласындағы филиал	070004, Шығыс Қазақстан обл., Семей қаласы, Ленин көшесі, 22	Исмаилов Болат Исмаилұлы	29.06.1998ж.
17	Тараз қаласындағы филиал	080012, Жамбыл обл., Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 182	Нұрмағанбетов Амантай Қыдырғалиұлы	29.06.1998ж.
18	Талдықорған қаласындағы филиал	040000, Алматы обл., Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі №185/189	Василенко Луиза Гельмутовна	29.10.1998ж. 21.06.2006ж. – (қайта тіркелген)
19	Орал қаласындағы филиал	090000, Батыс Қазақстан обл., Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 184/1	Исаев Абылай Асанұлы	29.06.1998ж.
20	Шымкент қаласындағы филиал	160000, Оңтүстік Қазақстан обл., Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, н/з	Кузьменко Наталья Николаевна	29.06.1998ж. 14.05.2008ж. – (қайта тіркелген)
<b>Өкілдіктер</b>				
1	«Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ	123100, Ресей, Мәскеу қаласы, Шмитов оралымы, 3-үй, 3-құр.	Карлаш Любовь Ивановна	27.12.2007ж.

**10. Аяқталған соңғы үш қаржылық жыл бойынша жмитенттің қаржылық есепшілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымның толық ресми атауы, тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) қатысы.**

«Делойт» ЖШС, 050059, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 240 в  
Қазақстан бойынша аудит жүргізу құқығын беретін лицензия № 0000015, түрі MFU-2, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген.  
«Делойт» ЖШС Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатысының мүшесі болып табылады.

**11. Эмитент корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күн.**

Корпоративтік басқару кодексі «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің 2006 жылғы 26 мамырдағы жалпы жиналысында бекітілген.

## **II. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

**12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы**

**Банктің басқару органдары:**

- Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Басқарма;



Ішкі аудит қызметі.

### **Акционерлердің жалпы жиналысы**

Банктің жоғарғы органы - Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс деп бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс деп саналады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес айдың ішінде өткізілуі керек.

#### ***Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жататын мәселелер***

Тек қана Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына төмендегі мәселелер жатады:

- 1) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа нұсқасын бекіту;
- 2) банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) есептеу комиссиясының сандық құрамы мен уәкілеттілік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін белгілеу;
- 6) банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық компанияны анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 8) банктің есепті қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және жылдық қорытындысы бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9) акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген жағдайларда Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Банктің Банкке тиесілі барлық активтерінің жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда – 10) және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлға құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) банктің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын анықтау және мұндай ақпаратты баспасөз бетінде жариялау туралы шешім қабылдау;
- 12) қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес Банк акцияларын сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
- 13) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 14) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібі Жарғыда белгіленбеген жағдайда, осындай тәртіпті, соның ішінде баспасөз құралын анықтау;
- 15) “алтын акцияны” енгізу және оның күшін жою;
- 16) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген төзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 17) акционерлік қоғамдар туралы заңнама мен Жарғы бойынша шешімін тек қана акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын басқа мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысының 1)-3), 16)-тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысатын дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

### **Директорлар кеңесі**

Директорлар Кеңесі – Банктің Банк Жарғысы бойынша тек қана акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді шешуден басқа қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын орган. Директорлар Кеңесінің мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Директорлар Кеңесі кемінде бес мүшеден тұрады. Директорлар Кеңесі мүшелерінің кемінде 30% тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

**Тек қана Директорлар Кеңесінің құзырына жататын мәселелер**

Төмендегі мәселелер бойынша шешімдер Директорлар кеңесінің қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады:

- 1) банк қызметінің даму стратегиясын және басымды бағыттарын белгілеу, несиелік, дивиденттік және есептік саясатты, банктің ішкі бақылау саясатын бекіту. Тәуекелдіктерді басқару жүйесін құру, жетілдіру және корпоративтік басқаруды енгізу бойынша бақылауды қамсыздандыру;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың мөлшері аясында орналастырылатын (іске асырылатын) акцияларды орналастыру (іске асыру), сондай-ақ оның мөлшері туралы, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі және бағасы бойынша шешім қабылдау;
- 4) банкпен орналастырылатын акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) банктің жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау және есептік қаржы жылы бойынша төленетін дивиденттерді есептемегенде бір жай акцияға қатысты дивидент мөлшерін белгілеу;
- 7) банктің облигацияларды және басқа құнды қағаздарды шығару, орналастыру, айналымға салу және өтеу тәртібін, облигацияларды және басқа құнды қағаздарды орналастыру нәтижесінде алған қаражаттарды қолдануды, облигацияларды және басқа құнды қағаздарды номиналды құнын шығару көлемін, мөлшерін және түрін, облигацияларды және басқа құнды қағаздарды ұстаушылардың құқығын есепке ала отырып, бірақ олармен шектелмей облигацияларды және басқа құнды қағаздарды (Банктің акцияларын есептемегенде) шығару туралы шешім қабылдау, Банктің облигацияларды шығару және туындайтын құнды қағаздардың талаптарын белгілеу;
- 8) басқарманың сандық құрамын, өкілдік ету мерзімін белгілеу, оның басқарушысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілдігін мерзімнен бұрын тоқтату, олардың іс-әрекетіне бақылау орнату;
- 9) басқарма мүшелерінің біліктілігіне талдап қоюды белгілеу, лауазымдық айлықтың мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы талаптарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақы мөлшерін және талаптарын, ішкі аудит қызметінің жұмысшыларына сыйақы беруді белгілеу;
- 11) бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметіне төлем жасау мөлшерін белгілеу;
- 12) банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданатын құжаттарды есептемегенде) бекіту, Банк операциясын, ішкі несиелік саясатын, бухгалтерлік есеп жүргізу саясатын жүргізудің жалпы талаптарын белгілейтін нормативтік құжаттарды бекіту;
- 13) банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы қағиданы бекіту;
- 14) банктің басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысу бойынша шешім қабылдау;
- 15) банк міндеттемелерін, оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға қарай ұлғайту;
- 16) бұрынғы тіркеушімен шарт тоқтатылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;
- 17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен сақталатын басқа құпия болып табылатын Банк туралы немесе іс-әрекеті туралы ақпаратты белгілеу;
- 18) ірі мәмілелерді жасасу және жасасуға мүдделі мәмілелер туралы шешім қабылдау;
- 19) құнды қағаздарды кепілге алу кезінде Банк орналастырған құнды қағаздарды кепілге беру туралы шартты мақұлдау;
- 20) банктің жай акцияларына айырбасталатын артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденттерді төлеу мерзімін, тәртібін және пішінін белгілеу;
- 21) банк басқармасының ұсынысы бойынша Банктің артықшылығы бар акцияларын жай акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау;
- 22) банктің жай акцияларына айырбасталатын артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденттерді төлеу мерзімін, тәртібін және пішінін белгілеу;

«Банк ЦентрКредит» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шығарылым жобасы

- 23) банк басқармасының ұсынысы бойынша Банктің орналастырылған жай акцияларын артықшылықтары бар акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдайды, айырбасталуға тиісті орналастырылған жай акциялардың мөлшерін, сондай-ақ осы айырбастың тәртібін белгілейді;
- 24) корпоративтік хатшыны тағайындау, Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, сондай-ақ оның өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын белгілеу, Корпоративтік хатшының лауазымына талап етілетін біліктілік деңгейін белгілеу және оның лауазымдық айлығының мөлшерін, еңбекақы мен сыйақы бойынша талаптарды белгілеу;
- 25) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын акционерлік қоғамдар туралы заңнамада және Жарғыда көзделген басқа мәселелер;

### **Басқарма**

Басқарма Банктің ағымдағы іс-әрекетіне басшылық жасайды және Акционерлердің жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің шешімін орындайды. Басқарма мүшесі ретінде Банктің акционері болып табылмайтын акционерлер және қызметкерлер бола алады.

### **Басқарма құзіретінің мәселелері**

Басқарма төмендегі мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;
- 2) банктік қызметке қатысты мәселелерді бақылау;
- 3) банктің жылдық және баланстық есебінің дайындығын іске асыру;
- 4) филиалдар, өкілдіктер туралы Жарғының және Қағиданың жобаларын дайындау;
- 5) банк бөлімшесінің міндетін, қызметін және өкілеттігін; құрлымдық бөлімшелердің басшыларының құқықтарын және міндеттерін; Банктің лауазымдық тұлғаларының және қызметкерлерінің Банк атынан және есебінен мәміле жасаған кездегі өкілеттігін, Банк бөлімшелері арасында өзара әрекеттесу тәртібін, Банктің ағымдағы іс-әрекетінің басқа мәселелерін белгілейтін Банктің ішкі ережесін және процедурасын бекіту;
- 6) кадрларды іріктеу, тағайындау, дайындау және қайта дайындау туралы мәселелерді шешу;
- 7) банктің басқарушы және басқа қызметкерлерінің еңбегіне төлем жасау талабын белгілеу;
- 8) банк филиалдарының және өкілдіктерінің директорларын тағайындау және орнынан босату;
- 9) жарғымен және Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген басқа қызметтерді іске асыру.

### **Басқарма Өкілінің Өкілеттігі**

- 1) үшінші тұлғаларға қатысты Банк атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;
- 2) үшінші тұлғаларға қатысты іс-әрекетте Банкті таныстыру құқығына сенімхат береді;
- 3) банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан шығарылуын іске асырады, оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза салады, Банктің штаттық тізіміне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлығының және айлыққа жасалатын жеке үстемақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін және Банктің ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін есептемегенде Банк қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді,
- 4) өзі жоқ болған жағдайда өзінің міндеттерінің орындалуын Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 5) басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілдік және жауапкершілік аясын үлестіреді;
- 6) банктің басқа органдарының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді есептемегенде басқа өкілдіктерді іске асырады;

### **Ішкі аудит қызметі**

Банктің қаржы-шаруашылық іс-әрекетіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі әрекет етеді. Ішкі аудит қызметі өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының ішкі аудит жасау тәртібі туралы заңнамаға және Банктегі ішкі аудит қызметінің мәртебесін және өкілеттігін реттейтін сәйкесті ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

**13. 2008 жылғы 01 тамыздағы мәліметтер бойынша эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері:**

Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері соңғы үш жыл ішінде атқарған және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары	Банктің жарғылық капиталына қатысу үлесі, (%)	Банктің еншілес компаниясы – «Центр Лизинг» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесі, (%)	Банктің еншілес компаниясы – «Капитал» ЖЗҚ» АҚ-ның жарғылық капиталына қатысу үлесі, (%)
Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы, 1958 ж.т.	1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы, 1993 жылдан бастап «Атамекен» қаржылық-өнеркәсіптік тобы» ЖШС-нің Президенті.	51,07	19,48	4,0
Ли Владислав Сединович, 1957 ж.т.	1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма төрағасы, 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі.	7,73	4,39	3,0
Қонаев Мирғали Сапарғалиұлы, 1957 ж.т.	2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі. 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Caspian Services Inc.» корпорациясының Директорлар кеңесінің төрағасы.	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Терещенко Сергей Александрович, 1951 ж.т.	1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі. 1994 жылдан бастап «Интеграция» Халықаралық қоры» АҚ Басқарма төрағасы.	0,19	Жоқ	Жоқ
Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы, 1956 ж.т.	2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі. 2002 жылдан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі.	4,67	3,41	2,6
Чукубаев Самат Салихұлы, 1953 ж.т.	2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан-Австралия» қауымдастығының Атқарушы директоры.	Жоқ	Жоқ	Жоқ

Директорлар кеңесі құрамында соңғы екі жыл ішінде болған өзгерістер:

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында 2007 жылғы 30 қаңтарда сайланды.

**13-1 Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері (ондай бар болса)**

Бұл тармақта эмитенттің Директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), олардың құзырын көрсету қажет.

"Банк ЦентрКредит" Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің жанында төмендегі комитеттер құрылған:

**1) Аудит жөніндегі комитет.**

Комитеттің міндеттері:

- директорлар кеңесіне тапсырылатын шоғырландырылған қаржылық есепшілікке бақылау жасау және мониторинг жүргізу;
- ішкі бақылау жүйесінің қызметіне жалпы қадағалау жасау;
- аудиторлық (ішкі және сыртқы) тексерулер жүргізуге бақылау жасау және мониторинг жүргізу;
- банктің комплаенс-тәуекелдігін тиісті үлгіде басқаруды қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыру.

**2) Директорлар кеңесінің Несиелік комитеті.**

Комитеттің міндеттері:

- банктің несиелік қызметі бойынша стратегиялар мен саясаттарды бекіту;
- банк Басқармасының өз бетінше несиелеу лимиттері мен уәкілеттерін бекіту;
- комитеттің белгіленген өкілеттерінің аясында жобаларды несиелеу, саудалық қаржыландыру, вексель және факторинг операциялары бойынша мәселелерді шешу;
- директорлар кеңесі Комитетке берген уәкілеттердің аясында қаржыландыру талаптарын мақұлдау және қайта қарау;
- банктің құрылымдық бөлімшелерінің берілген қарыздардың сапасы туралы есептерді, сарапталған несиелердің қарқыны, оларға қарсы жасақталған провизиялардың көлемі туралы есептерді, банкпен ерекше қатынастағы тұлғалар алған жаңа қарыздар туралы есептерді қарау.

**3) Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындаулар мен сыйақы төлеу жөніндегі комитет.**

Комитеттің міндеттері:

- банктің басқару органдарында ауысу болған кезде, департаменттердің басқарушы директорлары, Басқарма төрағасы немесе Басқарма төрағасының босатылған орынбасарлары тікелей басқаратын өзіндік құрылымдық бөлімшелердің бастықтары, филиал директорлары, сондай-ақ еншілес компаниялардың басшылары ауысқан кезде өз бастамасымен немесе басшылықтың бастамасымен ұдайы түрде қаралып тұратын кез келген болашақтағы немесе болатын аталған позициялар бойынша өзгерістер, кандидатураларды іріктеп алу үшін сәйкес процедуралар жасау, сондай-ақ басшылыққа лауазымдық міндеттерді айқындау үшін маңызды критерийлерді ұсыну.
- сәйкес бос орындарға қабылдау үшін таңдап алынған кандидатураларды басшылықтың қарауына ұсыну.
- жыл сайын Банктің басшы органдарының бекітуі үшін ұсынылатын ұсыныстар түрінде Банктің басшылары үшін, басқарушы директорлары мен филиал директорлары үшін және жекелеген қызметкерлер үшін сыйақы мөлшерлері мен ынталандыру жүйесін айқындау.

**4) Директорлар кеңесі жанындағы Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет.**

Комитеттің міндеттері:

- активтер мен міндеттемелерді басқару;
- өтімділікті және өтімділік тәуекелін басқару;
- портфельдердің несиелік тәуекелдіктерін басқару;
- ағымдағы пайыздық саясатты және пайыздық тәуекелдіктерді басқару;
- валюталық тәуекелдіктерді басқару;
- активтер мен міндеттемелерді және қаржылық тәуекелдіктерді басқару процестерін реттейтін ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдіктерін басқару;
- жаңа өнімдерді енгізетін кездегі тәуекелдіктерді басқару.



**14. 2008 жылғы 1 тамыздағы мәліметтер бойынша эмитенттің атқарушы органы.**

Банктің Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Соңғы үш жыл ішінде атқарған және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары	Банктің жарғылық капиталдағы үлесі, (%)	Банктің еншілес компаниясы – «Центр Лизинг» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесі, (%)	Банктің еншілес компаниясы – «Капитал» ЖЗҚ» АҚ-ның жарғылық капиталына қатысу үлесі, (%)
Ли Владислав Сединович, 1957 ж.т.	1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма төрағасы.	7,73	4,39	3,0
Әділханов Бұлан Әділханұлы, 1958 ж.т.	1995 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – банктің Басқарма төрағасының орынбасары, 1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Әкімшілік департаментінің директоры	1,98	3,41	2,6
Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы, 1962 ж.т.	1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін банктің Басқарма төрағасының орынбасары	1,99	3,41	2,6
Рахымбаев Медет Избасарұлы, 1963 ж.т.	1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін банктің Басқарма төрағасының орынбасары	0,63	3,41	2,6
Ердесов Мағаз Нұрсұлтанұлы, 1957 ж.т.	2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін банктің Басқарма төрағасының орынбасары – Қаржы департаментінің директоры	0,91	3,41	2,6

**15. Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда:**

Бұл тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.

**16. 2008 жылғы 01 тамыздағы мәліметтер бойынша эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органының мүшелеріне және басқа басшы тұлғаларына төленетін сыйақы.**

Атауы	мамыр, 2008ж.	маусым, 2008ж.	шілде, 2008ж.	Шығарылым туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі он екі ай ішінде төленуге жоспарланған төлемдер (01.08.08 ж. бастап 01.08.09ж. дейін)
Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақы сомасы (мың теңгемен)	3 000	3 400	3 000	36 000
Атқарушы органның мүшелеріне төленетін сыйақы сомасы (мың теңгемен)	20 387	21 202	18290	240 000
<b>Барлығы:</b>	<b>23 387</b>	<b>24 602</b>	<b>21 290</b>	<b>276 000</b>



**17. 2008 жылғы 01 тамыздағы мәліметтер бойынша эмитенттің ұйымдық құрылымы**

**1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен өкілдіктері:**

Схема түріндегі ұйымдық құрылым № 1 тіркемеде көрсетілген.

**2) эмитент қызметкерлерінің, соның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерінің жалпы саны:**

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>01.08.08 ж.</b>
Бас офис қызметкерлерінің жалпы саны	668
Филиалдар мен өкілдіктер қызметкерлерінің жалпы саны	3 782
<b>Барлығы</b>	<b>4 450</b>

**3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер:**

<b>№ р/н</b>	<b>Басшының тегі, аты, әкесінің аты</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Құылымдық бөлімше</b>	<b>Туған күні</b>
<b>Басқарма төрағасы және оның қызметі</b>				
1	Ли В.С.	Банктің Басқарма төрағасы	Басқарма төрағасы және оның қызметі	07.04.1957
<b>Директорлар кеңесінің төрағасы және оның офісі</b>				
2	Байсейітов Б.Р.	Директорлар кеңесінің төрағасы	Директорлар кеңесінің төрағасы және оның офісі	14.05.1958
<b>Хатшылық</b>				
3	Еркеғұлов Н.Ш.	Директорлар кеңесінің атқарушы хатшысы – Басқарма хатшысы	Хатшылық	25.04.1958
<b>Ішкі аудит</b>				
4	Бесбаева Г.К.	Бас аудитор	Ішкі аудит	09.03.1953
<b>Несиелік тәуекелдіктер департаменті</b>				
5	Ермаханов Е.Ә.	Басқарушы директор	Несиелік тәуекелдіктер департаменті	12.01.1974
6	Асылбек Е.А.	Басқарма бастығы	Ірі жобалар бойынша несиелік тәуекелдіктер басқармасы	15.04.1978
7	Ғабдуллин А.Ж.	Басқарма бастығы	Жобаларды қаржыландыру басқармасы	09.09.1982
8	Кәрімова Ә.Е.	Басқарма бастығы	Талдау, мониторинг және әдістеме басқармасы	16.06.1977
9	Сәрсембаев А.Б.	Басқарма бастығы	Проблемалы несиелермен жұмыс жүргізу басқармасы	27.08.1978
10	Королёва О.М.	Басқарма бастығы	Несиелік тәуекелдіктер басқармасы	01.07.1974
11	Ким Т.Н.	Басқарма бастығы	Несиелік басқару басқармасы	09.10.1968

<b>Қазынашылық департаменті</b>				
12	Вакансия	Басқарушы директор	Қазынашылық департаменті	
13	Абакиров Э.К.	Басқарма бастығы	Центр управления ресурсами	14.04.1981
14	Лим А.Ю.	Басқарма бастығы - Басқарушы директордың орынбасары	Қаржы құралдары басқармасы	15.01.1972
15	Жандауова Г.М.	Басқарма бастығы	Қазынашылық операцияларын сүйемелдеу басқармасы	24.08.1963
